

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі "Денсаулық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 10 қыркүйек N 1364

ЕСКЕРТУ. Қаулының атауы мен мәтініндегі сөздер ауыстырылды -
ҚР Үкіметінің 2000.02.24. N 286 қаулысымен. P000286_

Медициналық қызмет көрсетулердің сапасы мен медициналық ұйымдардың қызметін талдауды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің "Медициналық қызмет көрсетулерге ақы төлеу жөніндегі орталығы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі "Денсаулық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына (бұдан әрі - Кәсіпорын) қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.02.24. N 286 қаулысымен. P000286_

2. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы: ұсынылатын медициналық қызметтердің сапасын талдау және бағалау; денсаулық сақтау саласындағы реформалардың ақпараттық ілеспесі;

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.02.24. N 286 қаулысымен. P000286_

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

Кәсіпорын жарғысын онда облыстарда, Астана, Алматы қалаларында Кәсіпорынның филиалдарын көздеп бекітсін;

мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін және өзге де ұйымдастырушылық іс-шараларын жүргізсін;

медициналық ұйымдарды қаржыландыру жөніндегі функцияларды орындау үшін Медициналық қызмет көрсетулерге ақы төлеу жөніндегі орталықтың бөлімшелерінің материалдық, техникалық құралдарын жергілікті атқарушы органдарға беруді қамтамасыз етсін.

5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

6. Осы қаулы 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолдануға енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы "10" қыркүйектегі
N 1364 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2. "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын әкімші-мекемелердің мәселелері"
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1335
P 9 8 1 3 3 5 _
қаулысына:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын,
орталық атқарушы органдар әкімшілік ететін бағдарламалар мен кіші
бағдарламалардың тізбесінде:

224 "Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау
министрлігі" мемлекеттік мекемелер жолы бойынша 67 "Медициналық қызмет
көрсетуді төлеу жөніндегі орталықтың көрсеткен қызметіне төлем жасау" деген
бағдарламадағы 30 "Медициналық қызмет көрсетуді төлеу жөніндегі орталық" деген
кіші бағдарлама алынып тасталсын.

3. Күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.11.19. N 1754
қаулысымен. P 9 9 1 7 5 4 _

4. "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі
Денсаулық сақтау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999 жылғы 7 мамырдағы N 533 P990533_ қаулысына (Қазақстан Республикасының
ПҮАЖ-ы, 1999 ж., N 17, 187-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау,
білім және спорт министрлігі Денсаулық сақтау комитетінің қарауындағы ұйымдардың
тізбесінде:

реттік нөмірі 24 және 47-жолдар алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 66-жолмен толықтырылсын:

"66. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі"
Денсаулық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны".